

## **Бөкей ордасы ауданы бойынша 2022 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 168 қаулысы. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 147 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 21.11.2022 № 147 қаулысымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы №498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Бөкей ордасы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бөкей ордасы ауданы бойынша жұмыскерлердің мынадай тізімдік саны бар ұйымдарға ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде белгіленсін:

1) елуден жүз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

2) жүз бірден екі жүз елу адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

3) екі жүз елу бірден артық адам – жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде.

2. "Бөкей ордасы ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын және Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің интернетресурстарында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Аққалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бөкей ордасы ауданының әкімі

Н. Даумов

Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің

2022 жылғы 22 қарашадағы

№ 168 қаулысына қосымша

### Бөкей ордасы ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы

Р/с №	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде), адам	Квота мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік саны), %	Мүгедектерге арналған жұмыс орындарының саны, адам
1	"Бөкей ордасы ауданының білім беру бөлімінің " Мәншүк Мәметова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі " коммуналдық мемлекетті мекемесі	112	3	1
2	"Бөкей ордасы ауданының білім беру бөлімінің " Мұхамед-Салық Бабажанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі " коммуналдық мемлекетті мекемесі	119	3	1
3	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының " Бөкей ордасы аудандық ауруханасы " шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	234	4	1
	"Бөкей ордасы аудандық мәдениет			

4	бөлімінің Бөкей ордасы аудандық мәдени-демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	61	2	1
6	"Бөкей ордасы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесі	71	2	1
7	Бөкей ордасы ауданының мәдениет, тілдері дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	51	2	1